

**KEYRON M2 NVMe
DE-MCS1
сыртқы боксы**

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Keyron» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес жасалған және әзірленген өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.


Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты


SSD корпусы USB арқылы ақпаратты қосуға және жіберуге, сондай-ақ қатқыл дискіні қауіпсіз сақтауға және тасымалдауға арналған.

Орнату жөніндегі нұсқаулық


1. Алюминий корпусынан пластикалық жақтауды алыңыз.




2. SSD-ді M.2 (1) слотына диагональ бойынша салыңыз, содан кейін SSD ұшын ол ПХД-ға параллель болатындай етіп басыңыз (2).




3. Мыс шайбаны SSD ұшындағы жартылай шеңберлі ойыққа салыңыз. Шайбаның тар бөлігі төмендегі суретте көрсетілгендей жоғары қарай бағытталуы керек екенін ескеріңіз. Содан кейін дөңес бүркеншігі бар бұранданы артқы жағынан бұраңыз.




4. Термотығыздағышты SSD жиектерінен шықпайтындай етіп SSD-ге қойыңыз.



5. Алынған құрылымды алюминий корпусына салыңыз, термотығыздағыш қысылып қалмас үшін SSD-ге аздап басыңыз.



- Негізгі бөлік толық салынғаннан кейін, бекіту үшін жалпақ бүркеніші бар бұранданы бұраңыз.



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Қатқыл диск үшін жоғары жылдамдықты USB боксын пайдалану үшін оны компьютерге / ноутбукке USB кәбілімен жалғау керек.

Ескертпе:

- SSD пайдалану алдында пішімделуі керек.
- Деректерді жоғары жылдамдықты беруді қамтамасыз ету үшін бокс USB 3.2 Gen 2 порты бар ДК USB 3.2 Gen 2 кәбілінің көмегімен қосылуы тиіс.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: DE-MCS1.
- Қолдау көрсетілетін SSD форма факторы: M2 (NGFF).
- Қосылатын SSD интерфейсі: NVMe.
- M2 ағытпасының кілті: M.

- Қолдау көрсетілетін SSD өлшемдері: 2242, 2260 және 2280.
- Деректерді беру жылдамдығы: 10 Гбит/с.
- Шығыс интерфейс: USB 3.2 Gen 2.
- Қолдау көрсетілетін SSD сыйымдылығы: 2 ТБ (MAX).
- Корпус материалы: алюминий.
- Жұмыс температурасы: 5 °C-ден 35 °C-қа дейін.
- Сақтау температурасы: -20 °C-тан +65 °C-қа дейін.
- Ылғалдылық: 20% - дан 85% - ға дейін.
- Қолдау көрсетілетін ОЖ: Windows / macOS / Linux.

Жинақталым

- Сыртқы бокс.
- USB-C кәбіл.
- USB-A кәбіл.
- Термотығыздағыш.
- Мыс шайбалар (2 дана).
- Дөңес бүркеншігі бар бұрандалар (2 дана).
- Жалпақ бүркеншігі бар бұрандалар (2 дана).
- Бұрағыш.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтажды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны дайындаушы мен тұтынушының ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% - дан аспайтын жылытылатын үй-жайларында қаптамада сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.

- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аталған өнімді кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Өнімдерді кәдеге жарату қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілді міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі. Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына адрес бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Мая Электроникс Кри-эйшн Ко., Лтд.

В1, Синьцзяньсин Тэкнолоджи өнеркәсіптік паркі, Фэнсинь тас жолы, Лоуцунь, Гунмин көш., Гуанмин жаңа ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Өнім ерекшеліктері, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыны хабардар етпей өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.6

